

**ҒАЛЫМДАР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ**

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың арнайы жарлығы бойынша құрылған саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялардың жұмыс жасап келе жатқанына үш жыл болды. Осы уақыт аралығында барлық өңірлердегі сияқты Түркістан облысында да ауқымды жұмыстар атқарылды.

2023 жылдың 26 желтоқсан күні Мемлекеттік кеңесші Е.Кариннің басшылығымен Астанада өткен мемлекеттік комиссияның қорытынды мәжілісіне Түркістан өңірлік комиссиясының мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі Тұрсұн қатысып қайтты. Мәжілісте өңірлік комиссиялардың атқарған жұмыстарының қорытындысы жарияланды. Атап айтқанда, еліміздегі алпыстан астам архивте зерттеу-іздірету жұмыстары жүргізіліп, 688 іс, 48 мың карточка Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне жинақталды. 1993 жылы Жоғарғы Кеңес комиссиясының қорытындысы бойынша 102 мың адам ақталған болса, осы үш жылдың ішінде 311 мың саяси қуғын-сүргін құрбандары ақталды.

Ғалымдардың археографиялық жұмыстары барысында республикалық деңгейде 72 том құжаттар жинағы жарық көрді. Сол жинақтардың қатарында университетіміздің ғалымдары, профессорлар Х.Тұрсұн, Д.Кенжетай, доценттер А.Сандыбаева, Л.Динашова, З.Адилбекова және т.б. құрастырған төрт жинағы бар. Бұл жинақтар, негізінен, «Архив құжаттарындағы Түркістанның шерлі тарихы», «Кәмпеске науқанының құжаттары», «Түркістаннан ауа көшушілердің құжаттары», «Түркістанға депортацияланғандардың құжаттары», «Алаш қозғалысының Түркістан қанатының құжаттары» және қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарының естеліктерін құраған «Халық жады» атты тақырыптарды қамтыған.

Сол сияқты университет ғалымдары мен облыс архившілерінің құрастыруымен 2 монография, 14 құжаттар жинағы жарық көрді. Солардың арасында «Түркістан облысындағы отырықшыландыру мен күштеп ұжымдастыру», «Бостандық және Қызылқұм көтерілістерінің құжаттар жинағы», «Түркістан облысындағы ашаршылық (1920-1921, 1930-1933)», «Түркістанға депортацияланғандардың құжаттары», «Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандардың құжаттары», «Түркістандағы діни қуғындау саясатының тарихы», «Кәмпеске науқанына қатысты архив құжаттарының» жинағы (Түркістан облыстық мемлекеттік архиві қорлары бойынша), «Түркістан өңіріндегі отырықшыландыру» және саяси қуғын-сүргін естеліктері» тақырыбындағы еңбектер аса құндылығымен ерекшеленеді.

Мемлекеттік комиссияның қорытындысы бойынша жемісті жұмыс жасаған ғалымдарымыз Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Марапатталушылар арасында университетіміздің белгілі профессорлары Хазретәлі Тұрсұн және Досай Кенжетай бар.

Еліміздің тарихында қанмен жазылған зұлмат жылдарды ұмыту, әрине, мүмкін емес. Ашаршылық және жаппай қуғын-сүргін жылдары он мыңдаған адам ату жазасына кесілді. Олардың дені жазықсыз жазаланғандар екені баршамызға аян. Ендеше ел Президентінің аталмыш тарихи оқиғаға ерекше назар аударуы да бекер емес. Аталмыш комиссиялардың келесі жылы да жалғасын табатын зерттеу-іздірету жұмыстарының өз нәтижесін берері анық.

Университет ғалымдары еңбектерінің үш жылдық жұмыстың қорытындысы бойынша Президентіміздің тарапынан марапатталуы да тынымсыз тер төгудің арқасы деп білеміз.

Еліміздегі саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялардың жалғасын табатын жұмыстарына сәттілік тілейміз.